

## Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестр. 8-сабақ. Бірінші бөлім.

**Лексикалық тақырып:** Ел болам десең . . .

**Грамматикалық тақырып:** Терминдер, тұрақты тіркестер

**Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінді түсініп, мәнерлеп оқыңыз.**

Ұлы ойшыл, қаламгер М.Әуезовтің «Ел боламын десең, бесігінді түзе» - деген сөзінде терең мағына бар. Тәуелсіздіктің тірегі – ұлағатты ұрпақ. Аталарымыз осынау ұлы даланы ұрпағы үшін қорғап, аманат еткен. Басты мақсат – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беру керек. Бүгінгі ұрпақ – ертеңгі болашақ. Адамгершілік, достық, бауырмалдылық, үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсететін сыйластық ұғымдарын естен шығармау қажет. Бала тәрбиесіне отбасының ықпалы басым болады. Әр бала заман талабына сай білім алуы тиіс. Біліммен қатар, тәрбие де, баланың рухани дамуы да назардан тыс қалмау керек. Еліміздің өркениетті дамуында жас ұрпаққа тәрбие мен білім берудің мазмұны ұлттық рухани мұра негізінде болуы керек. Қоғам талабына сай жоғары сапалық деңгейге көтеру – басты мәселелердің бірі.

Қазақ елінің ұлттық идеясы – «Мәңгілік ел». «Мәңгілік ел» ұғымы еліміздің тарихында ежелден болған. Бұл термин Түркі қағанаты тұсында қолданылған. Түркілер өздерінің ұлы мемлекетін «Мәңгі ел» деп атағаны тарихтан белгілі. Орхон ескерткіштерінде, Күлтегін жазбаларында да «Мәңгілік ел» сөзі кездеседі. Түркі дәуірінде Тоныкөк абыздың айтқан сөзі бар екен: «Мәңгілік ел болып қалыптасуымыз керек. Біздің бектеріміз бен қағандарымыз өзге жұрттың алдауына түспеуі керек. Аға буын қателесе, ол кейінгі ұрпаққа да қиындығын тигізеді. Сондықтан, біз шектес, шекаралас елдермен сарабдал саясат жүргізуіміз керек». «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы болашаққа сенімді қадам. Бұл идея барша қазақстандықтарды біріктіруі тиіс. Бұл – ұлттық бірлік пен бейбітшілік, экономиканың нығаюы, халықты әлеуметтік қорғау, ұлттық қауіпсіздік, мәдениеттің, тілдің дамуы.

## **Жазылым. Мәтінмен жұмыс.**

**2-тапсырма.** Мәтіндегі жаңа сөздерді жазып, сөздік қорыңызды толықтырыңыз.

**3-тапсырма.** Мәтінде жиі қайталанатын сөздерді теріп жазыңыз.

**4-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Ұлы ойшыл, қаламгер М.Әуезовтің қандай тағылымды сөзі бар?
2. Қандай сыйластық ұғымдары бар ?
3. Тәуелсіздіктің тірегі кімдер?
4. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім берудің мазмұны қандай негізде болуы керек?
5. Қазақ елінің ұлттық идеясы не?
6. «Мәңгілік ел» ұғымы қашаннан бері қолданылады?
7. Түркі дәуірінде Тоныкөк абыздың айтқан қандай сөзі бар?
8. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізіне нелер жатады?

**5-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып жазыңыз.

**Тыңдалым.** Бұқаралық ақпарат құралдарынан «Тәрбие тал бесіктен басталады» тақырыбындағы бейне жазбаларды қарап, пікіріңізді білдіріңіз.

**Айтылым. 2-тапсырма.** Мәтінді оқып, өз ойыңызбен, пікіріңізбен толықтырып айтыңыз.

Халқымыз қай кезде болмасын ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, елдің болашағы, халықтың келешегі деп білген. «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сол секілді өскелең буын, жас ұрпаққа да тәрбиені бала кезден беру керек. Ал, балам жақсы болсын десең, ең әуелі өзіңді түзеп, өз мініңді түзетіп, балаға жақсы үлгі көрсете алуың керек. Осы орайда, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Бала тәрбиесін, оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерді өзі жақсы білуі керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл-сарайын танитын адам болуы керек. Оны білуге баланы туғаннан бастап өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын іздеуі керек, баланың ісіне, түсіне қарап ішкі халінен хабар аларлық болуы керек» деген сөзі бала тәрбиесімен айналысып, ұрпағын жақсылыққа баулаймын деген әр пенденің көңілінен орын алары хақ.

**Мәтінмен жұмыс. Тапсырма.**

Тәрбие, достық туралы мақал-мәтелдер айтыңыз.

Тәрбие туралы тұрақты тіркестерді келтіре отырып, әңгіме құрастырып айтыңыз.

**Тіл дамыту жұмысы. Кітапты сүй, балалар! Өтебай Тұрманжанов. Өлеңнің мазмұнын айтып беріңіз.**

Кітабың болса қолыңда  
Жалғызбын деп қынжылма,  
Жолдасың бірге жолыңда  
Айнымас дос мың жылға.  
Кітапта адам өзіңдей  
Сөйлесер бірге сөзіңді,  
Отырып бірақ сезілмей  
Әкетер билеп өзіңді.

Әңгіме айтар, сыр шертер,  
Әдепті досың ақылды,  
Ұстаз боп өнер үйретер,  
Таппассың онан жақынды,  
Мінезің болса оғаш, тік,  
Ептеп мінеп сездірер,  
Жақсыменен жақын қып  
Жаманнан мүлдем бездірер.  
Кітапты сүй, балалар!

Кітаппен дос бол жасыңнан,  
Білім боп бойға таралар

Ықыласпен оқысаң. **8-сабақ. Бірінші бөлім аяқталды. Сабақтың жалғасы екінші бөлімде қарастырылады.**